

**Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35–жылдығына орай Темір ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 ақпандағы № 155 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 ақпанда № 8490 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 170 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 17.04.2024 № 170 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7–баптарына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35–жылдығына (15 ақпан 2024 жыл) орай Темір ауданында тіркелген және тұрақты тұратын келесі санаттағы мұқтаж азаматтарға 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге;

2) Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне;

3) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі –КСР Одағы) аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне;

4) Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілеріне;

5) бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан

немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілеріне;

6) Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертiғуi, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар–ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

7) 1979 жылғы 1 желтоқсан–1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге.

2. Әлеуметтік көмек "Темір аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен алушылардан өтініштер талап етілмей "Азаматтарға арналға үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының ұсынған тізімдеріне сәйкес көрсетіледі.

3. Темір ауданының жергілікті бюджеті қаржыландыру көзі болып анықталсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*Б. Шаимов*